

Тулекова М.К.¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-нің т.ғ.д., профессоры
mereke_55@mail.ru

ЖЕТИСУ АЙМАҒЫНА СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА ХАЛЫҚТАРДЫ ҚОНЫС АУДАРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ МЕН ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫ

Андатпа

Мақала екінші дүниежүзілік соғыстың қазақ жеріне, оның ішінде Жетісу аймағына тигізген әсерін талдауға арналған. Соғыс басталар алдындағы орталықтың шешімімен Қазақстан жеріне күшпен жүргізілген қоныстандыру саясатының жергілікті халықтың этнодемографиялық дамуына тигізген әсері мен салдары талдана отырып оның жергілікті ұлт өкілдерінің сан жағынан пайыздық үлесінің кемуіне алып келуінің себебі мен салдары салыстырмалы түрде беріледі. Қазақстанға қоныстандырылған немістер, болгарлар, карачайлықтар, көрейлер, татарлар мен гректер т.б. ұлт өкілдерінің қазақ қоғамына алып келген салттары мен дәстүрі, жергілікті шаруашылыққа араласуы мен оған өз үлестерін қосу баяндала отырып қазақтардың сырттан еріксіз отандарын, елі мен жерін тастап келген қарапайым отбасыларын құшақ жая қарсы алған адамгершілігі баяндалады.

Кілт сөздер: миграция, депортация, реэмиграция, репрессия, террор

Tulekova M.K.¹

¹*Doctor of Historical Sciences, Professor of KazNPU Abay
mereke_55@mail.ru*

MIGRATION OF PEOPLES DURING THE WAR AND ITS CONSEQUENCES AND DIFFICULTIES IN THE ZHETYSU REGION

Abstract

The article analyzes the impact of the Second world war on the Kazakh land, including the Zhetisu region. The decision of the pre-war center, analyzing the impact and consequences of forced resettlement policies of Kazakh land to ethnic-demographic development of local populations, characterized by relatively causes and consequences, leading to quantitative reduction in the percentage of representatives of the local nation. The settlement of Germans, Olkars, Karachays, Koreans, Tatars and Greeks, etc and other ethnic groups in Kazakhstan tells about the customs and traditions of the Kazakh people, their involvement in the local economy and their contribution to it, as well as the morality of the Kazakhs, who warmly welcomed ordinary families who had left their homeland and country.

Keywords: migration, deportation, re-migration, repression, terrorism

Тулекова М.К.¹

*доктор исторических наук, профессор КазНПУ им. Абая
mereke_55@mail.ru*

ПЕРЕСЕЛЕНИЯ НАРОДОВ В ГОДЫ ВОЙНЫ И ЕГО ПОСЛЕДСТВИЯ И ТРУДНОСТИ В ЖЕТИСУСКОМ РЕГИОНЕ

Аннотация

Статья посвящена анализу влияния второй мировой войны на казахские земли, в том числе в Семиречье. Анализируются влияние и последствия политики вынужденного переселения на земли Казахстана по решению довоенного центра, приводятся причины и следствия его снижения доли коренных народов. Поселились в Казахстане немцы, олкарцы, карачаевцы, корейцы, татары, греки и т.д. в нем рассказывается вовлеченности его в местную экономику об обычаях и традициях казахского народа, и их вкладе в нее, а также о нравственности казахов, которые приняли обычные семьи, покинувшие свою родину, страну и землю.

Ключевые слова: миграция, депортация, повторная миграция, репрессии, терроризм.

Адамзат баласына зор қауіп тудыра отырып өмірінде өшпес ізін қалдырған екінші дүниежүзілік соғыстың да аяқталғанына 75 жыл толып отыр. Соғыс салдары әлемнің барлық жерінде де өз ізін қалдырды. Соның ішінде КСРО құрамындағы одақтас мемлекеттер де өзінің саяси, экономикалық және мәдени дамуында осы соғыстың зардаптары мен салдарын көрді және оның салдары кейінгі халық-тың дамуына тікелей әсер етті. Соғыс алдында соғыс майданына жақын жатқан жерлерден өндіріс орындарын Орта Азия аймақтарына, оның ішінде Қазақстан жеріне көшірді, сонымен қатар И.Сталиннің тікелей бұйрығы арқылы «жағымсыз элементтер», «сенімсіз халықтар» қатарына кірген көптеген ұлт өкілдерін бір күннің ішінде шығарылған бұйрықтар мен қараралар негізінде жер аударып, тұрып жатқан аймақтарынан толығымен қуғынға ұшыратты. Олардың сол кездегі көргендері мен кездескен қиындықтарын жеткізу мүмкін емес. Қоныс аударылғандардың көпшілігі Қазақстан жеріне қоныстандырылды. Қолдан жасалынған механикалық қозғалыстан елдің тұрғындарының саны, құрамы, этникалық тобы мен жынысы бір күнде өзгеріп шыға келді. Ал оның салдары кейіннен байқалды, әсересе солтүстік аймақтарда жергілікті ұлт өкілдері өз жерінде тұра отырып аз ұлтқа, пайыздық жағынан аз көрсеткішке ие болып, өз тілінде емес басқа тілде сөйлеуге дейін барды.

Халықтың күнделікті өмірі мен этникалық құрамына, халықтың тұрмысына әсер еткен қоныстандырудың кейіннен де көптеген келеңсіз жақтары болды. оның арнайы зерттеген ғалымдардың еңбектерінен оқып біле аламыз. Осы екінші дүниежүзілік соғыс Қазақстанның жекелеген аймақтарына да әсер етті, соның ішінде Жетісу аймағына да көп өзгерістер алып келді. Жетісу аймағындағы миграциялық қозғалыстардың әсерінен халық саны мен ондағы тұрғындардың этникалық құрамында, жергілікті халықтың шаруашылықтары мен күнделікті өміріне де өзгерістер енді. Сырттан келген басқа ұлт өкілдері өздерінің әдеттерін, шаруашылық жүргізу тәсілдерін, шаруашылықтарының, кәсіптерінің басқа түрлерін, өз қолөнері мен тілін аймаққа ала келді.

Жергілікті қазақ халқы қанына атадан бері сінген әдеті бойынша сырттан келген басқа ұлт өкілдерін құшақ жая қарсы алды, олармен қолдарында барын бөлісе отырып олардың жергілікті шаруашылық пен күнделікті өмірге икемделуіне көмек берді. Сырттан келген отбасылар өздеріне паналата отырып барымен бөліскендерін қазіргі таңда сол кездегі қоныстанушылар өз естеліктерінде, ресми баспасөздерде, рахмет айту күнінде айтып та жатыр, жаричлап та келдеді. ол шындық, болған оқиға, аштықта жеген нанның дәмі кетпес дегендей, қиналғанда қол ұшын берген қазақ халқына деген қоныстанушылардың ризашылығы басым.

1940 жылы РСФСР-дің, Украинаның, әсіресе, Мордовия, Чувашия, Татария және басқа республикалардың жері аз аудандарынан шаруаларды ерікті түрде ұйымдасқан қоныс аудару басталды. Қазақстанға 24,2 мыңнан астам жанұя келді, олар тың жерлерде астық шаруашылығын дамыту үшін солтүстік аудандарға қоныстандырылды. Соғыс жылдарындағы миграциялық процесс Қазақстандағы жергілікті ұлт өкілдерінің мүддесіне қайшы келе отырылып жүргізілді. Батыс аймақтан қоныс аударылған 536 мың адамнан басқа Қазақстан территориясына өздерінің тұрақты жерінен күшпен түгелдей бір халық жер аударылды.

Соғысқа дейін-ақ 1939-1941 жылдары поляктарды Батыс Беларусь мен Батыс Украинадан жер аударған, Балтық бойы халықтарын өз отандарынан күшпен көшіріп әкелген. 1939 жылғы санақ бойынша Қазақстан территориясында 54696 поляк, 3569 латыш, 808 литвиялықтар т. б. болған. Осындай тағдырды КСРО территориясындағы немістерді де күтіп тұрды. 8 тамыз 1941 ж. Қазақстанға 349713 адам қоныстандырылды, ал республикадағы немістердің саны 441713 болды. Немістерді Жетісу аймағына орналастыру үшін 30 қыркүйек 1941 жылы 1265,3 мың сом бөлінді. Грузия, Әзербайжан, Армян ССР-ы жеріндегі немістердің 5000 адамын аймаққа әкелді[1,10 б.].

1944 жылы ақпанда чешендер мен ингуштарды, наурызда-балкарлықтарды, қарашада түрік-месхетиндерді Орталық Азия мен Қазақстан жеріне күшпен жер аударды. Сонымен қатар қырым татарлары, қарачайлар қоныстандырылды.

Жетісу жеріне 17 наурыз 1944 жылы 5541 балкарлықтар, 29089 ингуштар, 2544 жанұя түріктер - 11004 адам, Талдықорғанға-337 жанұя-1441 адам әкелінді. Қоныс аударғандар ішінде ең көбі орыстар, украиндықтар және еврейлер болды[2,266.].

Ұлы Отан соғысы жылдарында шетелге млн. кеңес адамдары барды, сонымен қатар 1 млн. адамды Гитлерлік Герман үкіметі күшпен алып кетті. Олардың барлығы бірдей қайта оралмады. Олардың арасында Қазақстаннан да болды[3,126.].

Қазақстанның территориясында тұтқынға түскен немістер мен жапондықтар да жұмыс істеді, 2,5 млн. адам. Немістердің қалғандарын Қазақстан территориясына әкеп қоныстандыру 1944-1945 жылдары аяқталды.

Соғыс аяқталған соң олардың өз Отанына кері қайтуына рұқсат беріліп 1950 жылы соғыс тұтқындарының қалдықтары отандарына қайтты[4,26 бб.].

Соғыс кезінде 12 ұлт өкілдері күшпен қоныс аударылды. Олар - поляктар, немістер, корейлер, чешендер, күрдтер, карачайлықтар, қалмақтар, ингуштер, балкарлықтар, қырым татарлары, гректер, месхетиндік түріктер. Осылайша соғыс кезіндегі миграция процесі Қазақстандағы көп ұлтты халық-тың қалыптасуына негіз салды. Егер 1941 жылы Қазақстанға 18286 жанұя қоныс аударылса, оның кө-бі Украинадан, Татарстаннан, Орлов және Курск облысынан болса, 1943-1944 жж. Солтүстік Кавказ және Калмыкиядан КСРО-ның шығыс аудандарына 650 мың чешендер, ингуштер, қалмақтар және қарачайлықтар өздерінің тұрып жатқан жерлерінен қоныс аударылды. 1944 жылы Қазақстанға жалпы 1268 жанұя немесе 4501 қырым татарлары, 7 мыңға таяу болгарлар мен гректер келді [5,19-20 бб.].

7 мамыр 1944 жылғы Л.П. Берияның телеграммасына сай Қрым мен Қара теңіз жағалауындағы курорттар мен қалалардан 330 адамды жер аудару туралы «шешілді»-немістер, австрийлықтар, венгрлер, румындықтар, италяндықтарды. Сонымен Қазақстанға 6300 түрік жанұясы Грузиядан жер аударылды, барлық саны 27833 адам, ал 1945 жылы 574431 жанұя Солтүстік Кавказ, Калмык АССР, Қрым. АССР, Грузин ССР-нан келді. Олар республикада көп ұлтты этникалық топты құрды. Қазақстан көп ұлтты халықтың Отанына айналды, халықтың этникалық құрамы өзгеріп еліміз көп ұлтты мемлекетке айналды.1941 жылғы халықтың механикалық жолмен қозғалуын төмендегі кестеден көруге болады[6, 32п.].

Кесте 26

Ор-ны	Келген жері				Кеткендер				Механикалық өсу			
	қала дан	селода н	белгі сіз	барлы ғы	қала ға	село ға	белгі сіз	барл ғы	қала	село	белг ісіз	бар- лығы
Оңт. Қаз.	1622	3043	25	4691	488	687	17	1192	1134	2357	8	3499
Жам был	1190	982	12	2184	362	270	6	638	828	712	6	1546
АА О	4830	4515	29	9374	2640	2202	9	4851	2190	2313	20	4523
Барл ығы	53791	52068	5555	11141 4	1328 2	13798	6166	33246	40509	38270	-611	78168
АА О 1939	13265	10125	365	23755	2757	2502	1433	6692	10508	7623	- 106 8	17063
Оңт. Қаз 1939	5855	6558	612	13025	802	1039	339	2180	5053	5519	273	10845
Жам был 1941	4875	3596	288	8759	465	445	241	1151	4410	3151	47	7608

Осы кестеден көріп отырғанымыздай 1941 жылы халықтың механикалық жолмен өсуі Жетісу аймағында 9374-ке тең болған. Оның 4830-қалаға, ал 4515 ауылдық жерлерге барып қоныстанған. Бұдан біз миграциялық процестің ауылдық жерлерге қарағанда қалалық жерлерде тез жүргенін көреміз. Қайта кеткендер саны 1939 жылы 6692-ге тең болса, ал 1941 ж. 4851-ге тең болып баяулағанын көрсетеді. Көші-қондық қозғалыстың жоғары дамыған аймағыда осы Жетісу аймағы болған. Оны біз 1 желтоқсан 1943, 1944 жылдардағы Қазақстан Республикасы мен облыстардағы халықтың көші-қонынан көре аламыз. 1943 жылы барлық халық саны Алматыда 260,4, табиғи өсу-243, көшіп келгендер саны-2491, көшкендер саны-2075, барлығы 2075; Жетісу аймағында қала халқы 111,4, ауылда-497,3, барлығы-608,7, табиғи өсу қалада-52, ауылда-194, барлығы – 245, көшіп келгендер қалаға-484, ауылдық жерлерге-898, барлығы-1382, көшіп кеткендер саны қаладан-452, ауылдан-797, барлығы-1249; Талдықорған облысында қалада 85,4, ауылда 259,2, барлығы 344,6, табиғи өсу қалада –32, ауылда 21, барлығы –11, көшіп келгендер қалаға 190, ауылға 231, барлығы 421, көшіп кеткендер қаладан 426, ауылдан 792, барлығы 1168; Жамбыл облысында қала халқы 139,2, ауылда-213,3, барлығы-325,5, табиғи өсу қалада-39, ауылда 60, барлығы 21, көшіп келгендер қалаға-1012, ауылға-383, барлығы-1395, көшіп кеткендер қаладан-863, ауылдан-322,барлығы 1185; Оңтүстік Қазақстан облысында қаладағы халық 213,7, ауылда

409,5, барлығы 623,2, табиғи өсу қалада 61, ауылда 192, барлығы 253, көшіп келгендер қалаға 797, ауылға 111, барлығы 908, көшіп кеткендер қаладан 1100, ауылдан 615, барлығы 1715 болды. Барлық халық Қазақстан Республикасы бойынша 1 желтоқсан 1944 жылы қалада 2194,7, ауылда 3948,5, барлығы 6143,2, табиғи өсу қалада –374, ауылда 699, барлығы 325, көшіп келгендер қалаға 13762, ауылға 3196, барлығы 16958, көшіп кеткендер қаладан 16634, ауылдан 9997, барлығы 26631[6. 10,7,58 пп.].

Қазақстандағы халықтың көші-қонының нәтижесінде қала халқының саны үлкен өзгеріске ұшырады. 1940 жылдан 1947 жылдар аралығында төмен-дегідей болды.

1000 тұрғынға шаққанда:

туғандар өлгендер табиғи өсу

1939 жыл. 41,9 18,2 23,7

1940 жыл 40,8 21,3 19,5

1941 жыл 34,2 19,8 14,4

1942 жыл 26,9 21,8 5,1

1943 жыл 17,1 16,4 0,7

1944 жыл 14,4 15,5 -1,1

1945 жыл 18,0 10,4 7,6

1946 жыл 29,7 9,2 20,5

1947 жыл 38,9 11,9 27,0 болды, ал қала халқының саны 1940-1947 жылдар аралығында халықтың механикалық түрде қоныс аударуы нәтижесінде төмендегідей өсті.

Қалаға келгендер қаладан кеткендер механикалық өсу[7,158].

1940 жыл 334339 220500 113839

1941 жыл 436744 280050 156694

1942 жыл 304011 209524 94487

1943 жыл 205809 138909 66900

1944 жыл 154284 234308 -80024

1945 жыл 162955 130790 32165

1946 жыл 311985 161103 150882

1947 жыл 355922 200968 154954

1941-1948 жылдары Қазақстанға 774 мың 730 мың адам қоныстандырылады. Қоныс аударылғандардың көпшілігі негізінен әртүрлі саяси айып тағылған ұйым, топ, сондай-ақ тап мүшелері еді. Осындай арнайы жүргізілген күштеп қоныстандыру шараларының нәтижесінде 1954 жылғы 1 қаңтарға қарай Қазақстанға қоныс аударылғандардың саны 2 миллион адамға жуықтап, 1 миллион 976 мың 746 адамға жетеді. Сондай-ақ арнайы қоныстандырылушылардың республика көлемінде орналастыру төмендегідей болды (1952 жылғы 1 шілдедегі мәлімет): Жетісу аймағына-93702 (Алматы облысына -55587, Талдықорған-38115) адам. Үкімет сол кезде Қазақстанға қоныстанушыларға жағдай жасауға, оларды құтқарып қалуға қолдан келгенді жұмылдырғанын архив құжаттары дәлелдейді. Қазақ халқының тікелей өз тарапынан да, жергілікті үкімет тарапынан да қоныстандырылушыларға қал қадірінше көмек көрсетіліп, жағдай жасалғанына тарих куә. Оларға жасалған нақты қамқорлықты төмендегі архив құжаты да растай түседі. КСРО ішкі істер Министрі Чернышов В.В. ... 1/Х-1946 жылы Қазақстан территориясында алынған малдан 5123 арнайы қоныс аударушыларға берілді, соның ішінде 56 қалмақтар жанұясы бар. Грузия жерінен ҚазССР-на 6295 жанұя жер аударылды. IX.1946 жылы олардың саны 6573 жанұя болды. Оларға 1332,3 тонна, әр жанұяға бөлгенде 215 кг. Келеді. Бірақ Грузиядан арнайы қонысаударылғандарға бөлінген мал аз болды. Сондықтан да 165 жанұяға Солтүстік Кавказдан арнайы қоныс аударылғандарға бөлінген мал берілді[8,30-336б.]. Сондай-ақ республика көлемінде қоныстанушыларды арнайы үй-жаймен қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру, балаларын мектепке оқыту мәселесі де назардан тыс қалмаған. Мысалы, 1946 жылға дейін арнайы қоныстандырылушылардың жұмысқа жарамды 169 мың 881 адамының 160 мың 390-ы әртүрлі саласында жұмыс істесе, 1945-1946 жылдары 1000-ға жуық адам әртүрлі зәру мамандықтар бойынша арнайы мамандық алып шығады, олар елімізге сол кезде өте қажет (трактористер-189 адам, комбайншылар- 74 адам, жүргізушілер -159 адам, ұсталар -114 адам, жөндеушілер –432 адам) мамандық иелері болды. Сол жылы 92 мың от басы тұрғын үймен қамтамасыз етіліп, 60800 отбасы колхоз-совхоздарға әртүрлі артельдерге мүшелікке қабылданды. Қазақстан көлемінде сол кездегі қалыптасқан қиын жағдай қоныстандырылушылар балаларының мектепте оқуы тұрғысындағы мәселені көпке дейін шешілмеді. Ол кезде қоныстанушылар өздерінің тұрған жерінен тек НКВД органдарының арнайы рұқсат беруімен ғана шыға алатын еді. Осыдан біз

олардың балаларының мектепке не үшін “құлық” танытпағанын түсіне аламыз. Осындай қиындықтар әсерінен 1946-1947 оқу жылында қоныстандырылушылардың мектеп жасындағы 89102 балаларының тек 22000-ның ғана мектеп партасына отыру мүмкіндігі болды. Бостандықты, туған жерін аңсағандар арасында қайта қашқандар да болды. Жалпы қашқандардың жалпы санының жиынтық мөлшері 50 мың 805 адам болғанын ескерсек, темірдей қатал тәртіп олардың 60 пайызынан астамын түрмеден бірақ шығарды. Жалпы халыққа сенімсіздік көрсетіліп отырғанда, қоныстандырылушылардың құқық қорғау орындарында істейтін қызметкерлеріне де сенім көрсетілмегені белгілі. Бұл тұрғыда соғыс аяқталғаннан кейін төрт жылдай уақыт өтсе де КСРО ішкі істер министрлігі тарапынан генерал-лейтенант Рясной қол қойған төмендегідей өкім қабылданады[8].

“КСРО ішкі істер министрлігі бойынша ӨКІМ. Өлкелік және облыстық ішкі істер басқармаларының бастықтарына!

Келіп түскен сұрау салуларға орай КСРО ИМ талап етеді.

Ұлы Отан соғысы кезінде тұрақты тұруға қоныс аударылған халықтардың (чешендер, қарашай-лардың, ингуштердің, балкарлықтардың, қалмақтардың, немістердің, қырым татарларының тағы бас-қаларының) бұрынғы НКВД- НКГБ, МВД(ИМ)- МГБ-дағы (МҚМ) қызметкерлері отбасы мүшелері-мен бірге шұғыл түрде жергілікті жердегі арнайы қоныстандырылушылар қатарына есепке алынсын.

КСРО ХКК-нің 1945 жылғы 8 қаңтарда шыққан “Арнайы қоныстандырылушылардың құқықтық жағдайы туралы” №35 санды қаулысын және КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1948 жылғы 26 қарашадағы “Қоныстандырушылардың ...уақытша және тұрақты тұрған жерден қашуына байланысты қылмыстық жауапкершілігі туралы” жарлығын басшылыққа ала отырып, КСРО НКВД-ның 8 мамырдағы №00246 және 1945 жылғы 7 желтоқсандағы жарлықтарына сәйкес (оларға) әкімшілік бақылау күшейтілсін. Орындау жайында мәлімделсін.

Генерал-лейтенант РЯСНОЙ,
КСРО Ішкі істер министрінің орынбасары.
12 наурыз 1949 жыл”.

Осы құжаттан біз Сталин тұсындағы аз ұлттарға жасаған “интернационалистік” саясаттың көрінісін көріп отырмыз. Халықтар көсемінің қайтыс болуына байланысты ұлттар тағдырына қарсы жасалған қастандықтың темір құрсауы босаңсығанмен, ол бірден үзілген жоқ. Ол үзілу КСРО-ның ыдырауымен ғана мүмкін болды.

Қазақстан халқының құрамын одан әрі көп ұлттандыру Ұлы Отан соғысы жылдарында да, соғыстан кейінгі жылдарда да жүре берді. Бірақ жергілікті ұлт өкілдерінің үлесі емес, сырттан келгендердің үлесі арта түсті. Соғыс жылдарында Қазақстанға ағылған миграциялық тасқын күрт ұлғайды. Еліміздің Батыс аудандарынан эвакуацияланған 536 мың адамнан басқа жүздеген мың немістер, чешендер, ингуштар, карачайлар, балкарлар және басқалар Қазақстанға депортацияланды, олардың автономиялық құрылымдары жойылды. XX ғ. 50-ші жылдардың екінші жартысында бұл халықтардың көпшілігі автономиясын қалпына келтірді және басым бөлігі бұрынғы тұрған жеріне қайтып кетті. Бірақ XXғ. 60-шы жылдардың ортасына дейін Қазақстанға миграциялық тасқын толастамады. Осыған қарай отырып біз қалаға келген адамдар санының ең жоғары болған кезі соғыс басталғандағы 1941 жыл болса, одан кейін соғыс аяқталған 1947 жылы өскенін көре аламыз. Ал қаладан кетушілер саны да соғыс басталғанда өсіп, ал соғыс аяқталған 1945 жылы азайғаны көрінеді. Халықтың механикалық жолмен өсуі 1941 жылға сай келеді және соғыстан кейінгі 1947 жылы жоғары көрсеткішті беріп отыр. Жалпы соғыс кезінде халықтың табиғи жолмен өсуі нашарлап кетті, халық санындағы өзгерістерге халық арасындағы көші-қоны әсер етіп отырды. Соғыс аяқталған соң алғашқы екі жыл аралығында қайтадан халықтың табиғи жолмен дамуы өсіп, енді керісінше механикалық қозғалыс кеми бастады.

Соғыс басталғанда қазақ халқының жас жағынан демографиялық құрылымының бір атап өтетіндей ерекшелігі - сол кезде әскер қатарына жастар мен ересек азаматтар пайызының жоғарылығы еді. Соғысқа өз Отанын қорғауға аттанған ұлты қазақ 500 мың ер азаматтың ең кем дегенде 350 мыңы соғыстан қайтқан жоқ. Соғыс жылдары халықтың тұрмысының ауырлап кетуінен өлім деңгейі тағы да көтеріліп, ал туу 2-3 сиреді. Сөйтіп, халқымыз соғыстың тура және жанама шығындарын қосқанда 1941-1945 жж. тағыда 500 мыңнан астам адам зиян шекті. Екінші дүние жүзілік соғыс халықтың өсімін 12 жылдай уақыт тежеді.

Кеңес кездерінде жарық көрген ғылыми еңбектерде стратегиялық ірі өнеркәсіп орталықтарындағы жұмысшылардың санын өсуіне әсер еткен соғыс кезіндегі еңбек көші-қондық

процес, яғни көптеген маман жұмысшылар, жастар, коммунистер КСРО-ның басқа аймақтарынан арнайы түрде қоныс аударылуына байланысты- деді. Қажетті мамандарды өнеркәсіп қажеттілігі үшін майданнан арнайы рұқсат қағаздармен алып қалып оларды майданнан алыс жерлерге көшірілген өнеркәсіп орындарымен қоса көшірілді. Сонымен қатар халықтың бір жерден екінші жерге қоныс аударуы, яғни облыс аралық, қала аралық көші-қондық процестер де тоқтамады. Қалалық жерлердегі ірі өнеркәсіп орындарында соғыс кезінде тоқтаусыз жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін жергілікті үкімет адамдары оларды жұмысшы күшімен қамтамасыз етіп отырды. Оның өзі халықтардың қоныс аударуына, араласуына алып келді. Маман кадрларды даярлау орталықтары ашылып онда жастарды өнеркәсіптер үшін оқыту басталды. Соғыс кезінде қаладағы халықтың саны өсті. Екіншіден, Жетісу аймағы табиғаты жағынан халықтардың орналасуына қолайлы жерлердің қатарына орналасты және де соғыс майданынан көптеген өнеркәсіп орталықтары мен оқу орындарының көшірілуі де миграциялық процестің дамуына қолайлы жағдай туғызды. Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға және еңбек армиясына Қазақстаннан 1,8 млн-нан астам адам кетіп, оның көбі үйге қайтпай қалды. Тек табиғи өсімнің жоғарлығы, ол салыстырмалы түрде алғанда жалпы одақтық көрсеткіштен жоғары тұр, сондай-ақ миграция қысқаруы және ертеде қашып кеткендердің қайтадан оралуы 1939 жылғы қазақтар санынан 1979 жылы қалпына келуіне, ал республика халық құрамындағы үлес салмағының бұдан кеш-1989 жылы ғана бұрынғы деңгейге көтерілуіне мүмкіндік берді.

Жарияланған деректерді салыстыра отырып 1944 жылғы республикадағы және облыстардағы халықтардың негізгі саны туралы төмендегідей мәліметтер беруге болады. Жобамен алынған халықтың санына негіз ретінде 1943 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтер алынған. Онда көшіп келгендер мен көшіп кеткендер саны есептелген. Содан алынған деректер Қазақстан республикасының Карточкалық Бюросының нанға берілген карточкалар санымен салыстырылып тексеріле отырып берілген. Нәтижесінде басында берілген деректерден халықтың саны 35 мың адамға кемітілді, олар Жетісу аймағы бойынша 4 мыңға, Шығыс Қазақстан облысында 3 мыңға, Қарағандыда 9 мыңға, Солтүстік Қазақстанда 5 мыңға, Семейде 10 мыңға. Соның нәтижесінде 1 қаңтар 1944 жылы Қазақстан республикасының қалалық жерлерінде, облыс орталықтарындағы халық саны төмендегідей болды: Жетісу аймағында 368,1 мың адам. Оның ішінде Алматы қаласында 260,6 мың адам, Жамбыл облысында 139,3 мың адам, Жамбыл қаласында 98,0 мың адам, Оңтүстік Қазақстан облысында 223,2 мың адам, Шымкент қаласында 89,0 мың адам. Барлығы Қазақстан бойынша 2295,2 мың. Оның ішінде облыстық қалаларда 1300,5 мың[9, 526.].

Жетісу аймағындағы халық сандары көшіп-қонудың нәтижесінде төмендегідей өзгерістерге ұшырады (1 қаңтар 1948 ж.) [10. , 5,18,28-пп].

Кесте 27

Облыс	Табиғи өсу 1947/-XII			1947/XII- де келгендер			1947/XII- де кеткендер		
	Қала	Село	Барлық	Қала	Село	Барлық	Қала	Село	Барлық
Алматы	381	-	381	3356	-	3356	2363	-	2363
ААО	327	469	796	1867	505	2372	404	640	1044
ТҚО	296	482	778	2880	730	3610	1455	483	1938

Осы кестеден көріп отырғанымыздай Жетісу жерінде табиғи өсу 1947 жылы желтоқсанда 796 адамға тең болса, көшіп келгендер саны 2372 болып, ал көшіп кеткендер саны 1044 болды. Облыстағы көші-қондық процестің оң салды бергенін көреміз. ал көші – қоны жағынан ең жоғары орында Алматы қаласы болса, ал көшкендер жағынан сан жағынан алда тұрған да Алматы қаласы.

1926-1941 жылдар аралығында Қазақстандағы халықтың саны механикалық өсуден 1133,3 мыңға өсті, ал табиғи жағдаймен-53,4 мыңға. Қала халқының санының өсуі тек табиғи өсуден ғана емес көші-қондық процестің нәтижесінен болды. Қазақстан территориясында тың жерлерді игеру негізінен жаңа қалалар пайда болып ондағы халықтың саны өсе түсті. Алматы қаласының халқы 5,2 есеге, Астана 3,7 есеге, Атырауда 3,4 есе, Таразда 3,1 есеге, Ақтөбеде 2,3 есеге, Семейде 1,9 есеге өсті[5,30-33 бб.]. Алматы қаласындағы тұрғындардың саны мен құрамын төмендегі кестеден көре аламыз.

Қалалар	Халық саны	Мың адам	өсу % 1941ж.
	1926	1941	1926ж.қарағанда
Ақтөбе	20,9	48,7	233,0
Алматы	45,4	238,5	525,3
Балқаш	-	33,0	-
Атырау	12,0	41,6	346,7
Тараз	24,8	77,7	313,3
Қарағанды	-	187,0	-
Қызылорда	22,1	49,1	217,3
Лениногорск	9,4	50,0	531,9
Павлодар	17,9	31,9	178,2
Петропавл	47,4	100,4	211,8
Семей	56,9	111,8	196,5
Целиноград	12,8	48,1	375,8
Шымкент	21,0	81,0	385,7

Біріншіден көші-қондық қозғалыс жергілікті жердегі этнодемографиялық өзгеріске әсер етті. Жетісу аймағы бойынша 1948 жылы халықтың табиғи өсуі 12147, механикалық қозғалыс бойынша келгендер санынан кеткендер саны 8719 адамға көп. Халықтың өсуі 1948 жылы 3428 адамға тең болды. Олыстан сыртқа кеткендер қатарына: арнайы шақыру бойынша басқа облыстарға 3090 адам, ФЗО және басқа облыстардағы училищелерге 1477 адам. Облсобес есебі бойынша Қызыл Армия қатарын-нан босатылғандардан облысқа келгендер саны 149 адам. Жетісу аймағының ауылдық тұрғындардың саны жұмысшылар поселкаларының тұрғындарын қосып алғанда 326700 адамға тең. 1949 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша Жетісу аймағы мен Алматы қаласының халық саны барлығы 574033, оның ішінде 274433 қалалықтар, 299600 ауылдық тұрғындар болды. Алматы қаласында 1 қаңтар 1948 ж.-253333 адам, жылдық табиғи өсім 4078 адамға тең, бір жыл ішінде келгендер саны 32815, кеткендер-38155, 1949 жылы 1 қаңтардағы есеп бойынша 252071 адамға тең болған. Бұрындайда тиісінше 4486-107-647-496-4744 болса, Іле жұмысшылар поселкасында 1948 ж.-10415 адам, жылдық табиғи өсім 268, сырттан келгендер 1552, сыртқа кеткендер 2205, 1 қаңтар 1949 жылы -10030 адамға тең, Панфилов жұмысшылар поселкесінде тиісінше: 2043-60-64-81-2086, ал Фабричныйда 4156-100-325-189-4392 болса, жалпы облыс бойынша 1 қаңтар 1948 жылы 274433 адам, жылдық табиғи өсім 4613, сырттан келгендер 35403, сыртқа көшкендер 41126, ал 1 қаңтар 1949 ж. халық- 273323. Ал екінші жағынан, соғыс Қазақстанның шығыс аудандарындағы әлеуметтік- экономикалық дамуға әсер етті. Ұлы Отан соғысы кезінде жау қолында қалған шығыс аудандардан басқа аудандардағы сияқты халықты қоныс аудару жүргізілді. Соғыстан соң осы қоныс аударылғандардың көпшілігі өздерінің бұрынғы тұрған жерлеріне қайтадан қайта бастады. Осы процесс XX ғ. 50-ж. аяғында аяқталды. Қорыта келгенде, қоныс аударылғандар арасындағы балаларды өздеріне бала етіп алушылар саны да осы кезде көбейді. Қала халқының санының өсуі осы кезде ауылдық жерлерден көптеп қоныс аударғандар негізінде болды. Осындай жағдай Жетісу өңірінде де сол кезде жалпы республикадағы секілді жүріп жатты және ол өңірдегі этнодемографиялық жағдайға тікелей әсер етті[6,32п.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Литературная газета, 1988. 7 сентябрь. 10с.*
- 2 *Аргументы и факты. 1988, №29. 8с.; Казахстанская Правда. 1987, 7 мая; Социологические исследования. 1991, №1, 5, 26 с.*
- 3 *Литературная газета, 1989. 17 мая, 12с.;*
- 4 *Московские новости. 1987, №9, 10с.*
- 5 *Искаков У.М. Учет и перепись населения мира и Казахстана /статистический справочник/. Алматы: Нацстатагентство. 1996. 441с. 19.20сс.*
- 6 *ҚРОММ. 1987 қ. 1-т, 17-іс, 32- парақ.*
- 7 *ҚРОММ. 698-қ., 14 –т., 229 а –іс, 158-пар.*
- 8 *Қазақстанға басқа ұлт өкілдері қалай қоныс аударған?//Заң және заман №1998, №1. 30-33 беттер.*
- 8 *Қазақ санының өскені мынау, өшкені-анау! Түркістан, 2000. 7-қаңтар*

List of references:

- 1 *Literaturnaya Gazeta*, 1988. September 7.10C.
- 2 *arguments and facts*. 1988, No. 29. 8c.; *Kazakhstanskaya Pravda*.1987, May 7; *Sociological Research*. 1991, No. 1,5,26 P.
- 3 *Literaturnaya Gazeta*,1989. May 17, 12C.;
- 4 *Moskovsky news*.1987, No. 9, 10C.
- 5 Iskakov U. M. *take into account and move the population of the world and Kazakhstan /static reference book/.*"I Don't Know," He Said.1996.441 H. 19.20 Thu.
- 6 Kromm.Article 1 of 1987, case 17,Sheet 32.
- 7 Kromm.698-P., 14 -t., 229 a-case, 158-par.
- 8 *How did representatives of other nationalities move to Kazakhstan?// Law and time No. 1998, No. 1, pp. 30-33.*
- 8 *This is how the number of Kazakhs grew, that's what it is! Turkestan, January 2000.*7
- 9 Kromm.698 -P., 8-t., 753-case, 52-par.
- 10 Kromm.698 -P., 8-t., 782-case, 5,18,28-PP.